

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі: **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**

Топ: **ортанғы «Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04 - 03.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Курманбаева Ж.К.

<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті оыйндары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарau және басқалар)</b>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.</p> <p><b>"Дауылпаз дабылдан ..." жаттығу.</b> - Балалар, сазгерлер ғана</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бұрку.</p> <p><b>"Сөйлемді аяқта"</b> сөздік ойыны. Дидактикалық міндетті:</p>		<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Барабан дабылы. Дауыссыз</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсаты. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оку құралдарын тарату және оку құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.</p> <p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Шерудегі көліктер".</p>

<p>емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, дабылды дауылпаз деп те атайдереді.</li> <li>- Дауылпаз дабылдап,</li> <li>- Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу)</li> <li>- Дауылпаз дабылдап,</li> <li>- Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)</li> </ul> <p>Дабыл-дап, дабыл-дап,</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)</li> </ul> <p>Жаттығуы бірнеше рет қайталанады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды. Мысалы, "Менің жылы тонды киген себебім,..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлең қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,..." , "Қолшатыр алған, себебіміз..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қазақ</b></p>	<p>[п],[б] дыбыстары". Мақсат-міндеттер. Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музикалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір жағына текшени, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру.</p>
---	---	--	--

		тілі)			
Ертеңгілік жаттығу	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығуы.</b></p> <p>"Зырылдауық" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.</li> <li>- қолды екі жаққа созу.</li> <li>- екі қолды кеуде түсінің әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту.</li> <li>- қолды екі жаққа созу.</li> <li>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу.</li> <li>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біргінде жылдам айналдыру.</li> </ul> <p>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.</li> </ul> <p>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.</p> <p>3-4- бастапқы қалыпқа келу.</p> <p><b>"Сипаттаймыз" жаттығуы.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.</li> <li>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.</li> <li>- 4-5 рет еркін тыныс алу.</li> </ul> <p><b>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).</li> <li>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылышпен, өкшеге қарау.</li> <li>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілүді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлышқыты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ас ішудің мәдениетін</p>				

Сен есінен шығарма.  
 Арқанды тұзу ұста,  
 Жан-жағыңа қарама.  
 Асынды ішіп болған соң,  
 "Рақмет!" айт аспазға.  
**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**

### **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**

**«Түрлі - түсті ғұлдер»**  
 Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, курдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер. Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады. Ойынның бірінші нұсқасы: Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді. Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше

**Шаттық шенбері**  
 Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. "Күлімдейміз күндей." Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына

**«Әдепті сөздер шенбері»**  
 Ойынның мақсаты: сырттай қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шенберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.  
**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**

**Шаттық шенбері**  
 Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көнілде көп қуаныш, Әр көнілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылық.  
**(сөйлеуді дамыту)**

беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алғып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.  
Ойынның екінші нұсқасы:  
Гүлдің бір күлтесін еki баланың алудына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді.  
Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады.  
**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**

жібереді).  
**(сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)**

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Соғамын барабанымды". Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60 сек.) қарқында жүгіруге үрету; кимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелуе және одан төмен түсу дағдыларын дамтуу; оку қызметін пысықтау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Барабан дабылы". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секірге жаттықтыру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Соқ, барабан!" Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60 сек.) қарқында жүгіру; терендікке (15–20 см биіктікten) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лактыру іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Отаным - бақыт мекенім!". Жеңіс күні. Қазақ тілінде отан туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдана білуді үрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабак тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтуда. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылыштарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулуда. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>		

Серуен	<p><b>Бақтағы еңбек.</b>  <b>(қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша түкімдін себуді көрсету.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (бақшадағы жұмыс). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ".</b> (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі</p>	<p><b>Шыршаны қарагаймен салыстыру.</b> (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың үқастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында).</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тәрбиелеу; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүгіру, лактыру және допты ұсташа жаттығулары.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Күстардың ұшуы". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p><b>Шетенді бақылау.</b> (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту;</p> <p>мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ескі жапырақтарды, шөптерді сыйырғышпен жинау). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Қояндар", "Тауықтар". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: аланда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иліп, өз орнын табу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> бір қатарға</p>
--------	--	---	--

	<p>бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру. <b>Өзіндік еркін ойын</b> <b>әрекеттері,</b> <b>козгалыстарды дамыту,</b> белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>жүргүге, шашыраңқы жүгіргүе жаттығу. <b>Өзіндік еркін ойын</b> <b>әрекеттері,</b> <b>козгалыстарды дамыту:</b> "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". (dene shynyktysru) Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (kіrpiшterde) жүрудегі тепе-тендік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері.</p>	<p>педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу.</p>	<p>қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басына құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру. Мақсат-міндеттер: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшандықты, ептілікті, тепе-тендікті дамыту.</p>
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>			
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ітуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Kөркем сөз</i></p> <p>Ас ішудің мәдениетін Сен есінен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асынды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазда.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>			

<b>Түскі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.			
<b>Біртіндең ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен журу. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар. <b>(дене шынықтыру)</b></p>			
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>			
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарau және басқалар)</b>	<b>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Күн шуағы". Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзben қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлаудың дамыту.	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Әскери көлік" Мақсат-міндеттер. Балалардың көлденең сопақшаның үстінгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сзықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету.	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Жауынгерлер сапка тұрды". Мақсат-міндеттер. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.	<b>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Әскер". Мақсат-міндеттер. Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскери туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы тұрдегі жауапкершілігі екендігін үғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін

					түсіндіру.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру.</b>  Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.  <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)</b></p>	<p><b>Ритмикалық жаттығу</b>  Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру),  Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу).  Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу),  Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау).  Қимылдарды ырғакты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.  <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>		<p><b>Музықадан ойын-жаттығу</b>  "Женіс күнін тойлаймыз".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды ырғакты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.</p>	<p><b>"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны.</b>  Педагог балалардың назарын өзіне аударып:  - Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнайдыз.  - Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музика аяқталғанша ажыратып, тауып ұлгересіндер.  Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалаштыруды үlestіреді.  <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылыштарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				

<b>Серуен</b>	Тұсқі серуендегі бақылауды жалғастыру. ( <b>қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> )
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауга үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құргатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ас ішудің мәдениетін Сен есінен шығарма. Арқанды тұзу ұста, Жан-жағына қарама. Асынды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.</p> <p>(<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>)</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарau және басқалар)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарau, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (<b>музыка</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйбызы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (<b>шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу</b>)</p>

Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (**зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті**)

Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар үйымдастыру. (**математика негіздері**)

Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, танертең-кешке.

<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</b>	Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.		Ата-аналарға кенес. "Өрт қауіпсіздігі".	Ата-аналарға кенес. "Балалардағы озбыр мінез-құлқытың бастаулары".
--	---	--	--	---	--